



**"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 340 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

**"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 20, 100-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2018 жылғы  
№ \_\_\_ Жарлығына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2015 жылғы  
30 сәуірдегі № 6 Жарлығына  
ҚОСЫМША

**Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы**

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Досаев Ерболат Асқарбекұлы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Рақышева Әлия Ғалымжанқызы	Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Шпекбаев Алик Жатқамбайұлы	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК